

«Бекітемін»

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік университетінің
Басқарма Төрағасы-Ректоры

С.Жуанышбаев

« 15 » 06 2026г.



Бағдарлама

**«6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық емтихандар өткізу**

Дайындық бағытының коды және атауы:

6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау

Білім беру бағдарламалары тобының коды және атауы:

B006 Музыка мұғалімдерін даярлау

Дайындалды:

Өнер кафедрасының менгерушісі

 С.Айсина

Келісілді:

Ө.Сұлтанғазин атындағы
педагогикалық институтының директоры

 К.Есиркепова

Келісілді:

Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор

 Э.Наурызбаева

Бағдарламаны педагогика магистрі, өнер кафедрасының меңгерушісі Айсина С.Т.,
кафедраның қауымдастырылған профессоры Жакаева С.А., аға оқытушы педагогика
магистрі Задорожная С.Н. әзірледі

МАЗМҰНЫ

Нормативтік база.....	4
Жалпы ережелер.....	4
Шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері.....	5
Емтихан өткізу тәртібі.....	5
Шығармашылық емтихандарды бағалау нысаны.....	6
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан – орындаушылық өнер).....	7
Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан – жалпы музыкалық қабілеттерді көрсету).....	8
Бағалау критерийлері.....	9

1. Нормативтік база

Осы бағдарлама келесі нормативтік құжаттардың негізінде әзірленді:

- 1.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- 1.2. Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 1.3. «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы.
- 1.4. Университет жарғысы

2. Жалпы ережелер

2.1 Шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламаларының тізбесі жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.2 Университетке қабылдау кезінде қабылдау комиссиясының төрағасы азаматтардың ҚР заңнамасында белгіленген білім алу құқықтарының сақталуын, қабылдау комиссиясы жұмысының жариялылығы мен ашықтығын, оқуға түсушілердің қабілеттері мен бейімділігін бағалаудың объективтілігін, қабылдау комиссиясы басшылығының қабылдауды өткізудің барлық кезеңдерінде қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

2.3 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасына түсуші тұлғалар А.Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ қабылдау комиссиясы өткізетін шығармашылық емтихандарды тапсырады.

2.4 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасына түсетін жалпы орта (жалпы орта) білім беру ұйымдарының түлектері немесе техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының түлектері үшін екі шығармашылық емтихан, сондай-ақ ҰБТ бойынша келесі пәндердің балдары ескеріледі: Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі).

2.5 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсетін, жоғары білім кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін, мемлекеттік білім гранттарын тағайындау кезінде конкурсқа қатысуға ниет білдіргендер бір шығармашылық емтихан бойынша жинаған ұпайлары есепке алынады: Орындаушылық өнер, сондай-ақ ҰБТ пәні бойынша: педагогика және психология негіздері

2.6 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының ақылы негізіне түсетін, жоғары, сондай-ақ жоғары білім кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі.

2.7 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілердің өтініштерін қабылдау университетте ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 10 тамызы аралығында кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

2.8 Шығармашылық емтихан ағымдағы жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін кестеге сәйкес өткізіледі.

2.9 Шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленеді.

2.10 Орта білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихандар 2 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі: «Орындаушылық өнер», «Жалпы музыкалық қабілеттерді көрсету».

2.11 Жоғары білім кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне конкурсқа қатысушы гранттар үшін арналған шығармашылық емтихан «Орындаушылық өнер» 1 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі.

2.12 Жоғары білімі бар адамдар үшін әңгімелесу өткізіледі. ««6B01402 Музыкалық білім»» білім беру бағдарламасына қабылдау қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шығармашылық емтихандар бойынша балдар ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Шығармашылық емтиханның мақсаты мен міндеттері

3.1 Шығармашылық емтихандардың мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің болуын және шығармашылық бағыттағы кәсіпті игерудің жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.

3.2 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасының шығармашылық емтиханының міндеті талапкердің музыкалық деректерін, орындаушылық қабілеттерін, стиль сезімін, орындаушылық интонация мәдениетін, сондай-ақ музыкалық эрудицияны, теориялық білімді, аналитикалық ойлауды бағалау қажеттілігіне байланысты.

4. Емтихан өткізу тәртібі

4.1 Шығармашылық емтихан кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар) университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді, құжаттарды қабылдау кезінде түсушілердің назарына жеткізіледі.

4.2 Бір шығармашылық емтиханның ұзақтығы – 4 академиялық сағат.

4.3 Шығармашылық емтихандарды өткізу аудиториясына жіберуді және емтихандарды өткізу кезінде осы ережелерді сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

4.4 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

4.5 Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкерлер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын енгізіледі.

4.6 Талапкерді шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жіберу жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарды қабылдау туралы қолхатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

4.7 Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде орыннан орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, мобильді байланыс құралдарын енгізуге жол берілмейді.

4.8 Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды: 1) тыныштықты сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу; 2) аудитория бойынша жүрмеу; 3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

4.9 Осы ережелерді бұзғаны үшін талапкер аудиториядан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағында емтихан алушылардың қолдарымен расталған жою себебі туралы жазба жасалады. Бұл жұмыс жойылады.

4.10 Дәлелді себеппен емтиханға кешігіп келген немесе келмеген жағдайда, талапкер жазбаша өтініш және шығармашылық емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебін растайтын құжатты ұсыну негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде шығармашылық емтиханға басқа уақытта жіберіледі. Шығармашылық емтиханды өткізіп жіберудің дәлелді себебі: 1) талапкердің ауруы (емдеу мекемесінің мөрімен расталған емдеу мекемесінен сырқаты туралы анықтаманы көрсетумен расталады); 2) төтенше

жағдай, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (төтенше жағдай немесе жол-көлік оқиғасы фактісін тіркеген мемлекеттік ұйымның анықтамасын көрсетумен расталады); 3) жақындарының қайтыс болуы (ата-аналары, жұбайлары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынған, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі) туыстарының (анықтамамен расталады).

4.11 Шығармашылық емтиханға дәлелді себептермен келмеген тұлғаларға шығармашылық емтихан тапсыру мерзімінен кешіктірілмей қосымша белгіленген күні келуге рұқсат етіледі.

4.12 Дәлелді себепсіз шығармашылық емтихандарға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

4.13 Шығармашылық емтихандарға қайта қатысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.14 Шығармашылық емтиханның нәтижелері бағалау парағында және пән комиссиясының хаттамасында ресімделеді. Бағалау парақтары мен емтихан қабылдаушылардың және пән комиссиясы төрағасының қолдары қойылған бағалар мен хаттамалар нәтижелерді жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

4.15 Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

4.16 Шығармашылық емтихандарды бағалау кезінде талаптардың сақталуын және даулы мәселелерді шешуді қамтамасыз ету, шығармашылық емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір ЖОО-да апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.17 Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған адам апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

5. Шығармашылық емтихандарды бағалау нысаны

5.1 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.2 Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.3 «6B01402 Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша 2 шығармашылық емтихан өткізіледі: «Орындаушылық өнер» (бірінші шығармашылық емтихан), «Жалпы музыкалық қабілеттерді көрсету» (екінші шығармашылық емтихан).

5.4 Орта білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихандар 2 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі: «Орындаушылық өнер» (бірінші шығармашылық емтихан), «Жалпы музыкалық қабілеттерді көрсету» (екінші шығармашылық емтихан) және 50 балдық жүйе бойынша бағаланады, оның ішінде әрбір шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

5.5 Жоғары білім кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған шығармашылық емтихан «Орындаушылық өнер» 1 шығармашылық емтихан бойынша өткізіледі және 20 балдық жүйе бойынша бағаланады, кемінде 5 балл жинау қажет.

5.6 Жоғары білімі бар адамдар үшін әңгімелесу өткізіледі.

5.7 «Өте жақсы» деген баға қойылады, егер: талапкер жарқын музыкалық деректерді, орындаушылық қабілеттерін, стиль сезімін, орындаушылық интонация мәдениетін көрсетсе. Ауызша емтиханда талапкер музыкалық эрудицияны, теориялық білімді, аналитикалық ойлауды көрсетуі керек.

5.8 «Жақсы» деген баға қойылады, егер: талапкердің орындауы мағыналы, авторлық мәтін дәл оқылған, стильдік жағынан сәйкес келсе. Бірақ сонымен бірге, ол техникалық еркіндікті көрсетпейді, орындау әртүрлілігімен және сапасымен ерекшеленбейді. Ауызша емтихан кезінде талапкердің білімі нақты, материалды ұсынудың логикасы айқын және сенімді. Бірақ сонымен бірге, ол музыка тарихы мен теориясы мәселелерінде әлсіз бағдарланған, тұжырымдамада тәуелсіз емес, жүйелі ойлауды білмейді.

5.9 «Қанағаттанарлық» деген баға, егер талапкер: орындалатын шығармалардың стилі мен мазмұнын нашар түсінуді, музыкалық интонацияның мәнерлі құралдарын (интонация, есту, сөз тіркесі, ырғақ) жеткіліксіздігін көрсетсе қойылады. Ауызша емтихан кезінде құбылыстарды, шығармаларды талдау дағдыларының әлсіздігі; материалды ұсынуда логиканың жеткіліксіздігі; музыкалық өнер мәселелері бойынша білімнің жеткіліксіздігі көрінеді.

5.10 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға, егер талапкер: ұстамдылықтың, бастамашылықтың, ырғақты ерік-жігердің жоқтығын, интонациялаудың техникалық және көркемдік құралдарын нашар меңгергенін, бағдарламаның түсу үшін қажетті деңгейге сәйкес еместігін көрсетсе қойылады.

6. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (1 шығармашылық емтихан – орындаушылық өнер)

6.1 Жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының түлектеріне, сондай-ақ музыкалық даярлықсыз жоғары білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

6.1.1. Вокалдық бағдарламаны аспапта немесе фонограмманың сүйемелдеуімен өз сүйемелдеуімен орындау;

6.1.2 Вокалдық деректерді анықтау;

6.1.3 Талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарастарын, музыкалық өнер саласындағы эрудициясын анықтау.

6.2 Жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының түлектеріне, техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ балалар музыка мектебі, өнер мектебі, музыкалық-педагогикалық колледжі базасында жоғары білім беретін білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар ;:

6.2.1. Негізгі музыкалық аспапқа сәйкес музыкалық аспапта 3 шығарманы орындау (полифониялық шығарма; үлкен пішінді шығарма; қазақстандық композитордың пьесасы немесе этюд, таңдау бойынша виртуоздық пьеса; екі түрлі сипаттағы күй және ансамбльдегі шығарма);

6.2.2. Талапкердің жалпы ой-өрісін, жалпы мәдени деңгейін, оның эстетикалық көзқарасын, музыкалық өнер саласындағы эрудициясын, музыкалық өнер, музыкалық терминология саласындағы білімін анықтауға арналған кеңейтілген коллоквиум.

6.3 Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

6.3.1 Қабылдау емтиханының бағдарламасы балалар музыка мектептерінің, балалар өнер мектептерінің, колледждердің бітіру емтихандарының бағдарламасына сәйкес келуі керек.

6.3.2 Емтихан бағдарламасында Қазақстан композиторларының шығармалары ұсынылуы тиіс.

6.3.3 Бағдарлама мәтінге және авторлық нұсқауларға дәл сәйкес орындалуы керек.

6.3.4 Бағдарламаның орындалуы талапкердің әртүрлі дәуірлердегі және бағыттардағы композиторлық мектептердегі білімі мен іскерлігін анықтауы тиіс.

6.3.5 Бағдарламаның орындалуы тиісті мінез-құлық мәдениетімен, кәсіби жинақылықпен, ерікті қасиеттерінің көрінісімен және әртістік шеберлігімен концерттік қойылымға сәйкес келуі тиіс.

6.3.6 Орындаудың виртуоздылығы, көркем бейнені жеткізе білуі, орындаушылық техниканың әртүрлі түрлерін меңгеруі, полифониялық және гармониялық ойлаудың болуы, ансамбльдік орындау бағаланады.

7. Бірыңғай шығармашылық емтихан бағдарламасы (2 шығармашылық емтихан – жалпы музыкалық қабілеттерді көрсету)

7.1 Музыкалық дайындықсыз жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

7.1.1. Ритмикалық қабілеттерді анықтау.

7.1.2. Музыкалық және есту қабілеттерін анықтау.

7.1.3. Музыкалық жадының болуын анықтау.

7.2 Балалар музыка мектебі, өнер мектебі, музыка және педагогикалық колледж базасында жалпы орта (орта жалпы) білім беру ұйымдарының түлектеріне қойылатын талаптар:

7.2.1 Есту анализі: «ля» дыбысынан кілтті анықтау: C-dur, Es-dur, d-mol, b-moll; кілттен тыс интервалдарды анықтау: ү2, к3, т5, к6, т8, ү3, т1; шешімдерімен сипаттамалық интервалдарды анықтау: ұл5, ү6, аз5, ү3, ұл2, т4; аккордтарды анықтау (шешімдерімен): Д2 Б6, Б3/5, S, Д7 Б3, ум3/5, Д6/5 Б3/5, умУП7, Б6/4, М3/5; бір дауысты диктант жазу.

7.3. Шығармашылық емтихандарды бағалаудың негізгі критерийлері:

7.3.1 Қабылдау емтиханының бағдарламасы музыкалық мектептер мен колледждердің бітіру емтихандарының бағдарламасына сәйкес келуі керек.

7.3.2 Музыкалық қабілет бағаланады.

**"6B01402" Музыкалық білім беру " білім беру бағдарламасы бойынша
Шығармашылық емтихандарды бағалау критерийлері**

**Бағалау критерийлері
1 шығармашылық емтихан
Орындау шеберлігі**

Жалпы балл	Орындау шеберлігі				
	Интонацияның тазалығы	Музыкалдылық	Қарқын мен ритмнің бірлігі	Көркем ойды жеткізу	Әртістік
50	10	10	10	10	10

**Бағалау критерийлері
2 шығармашылық емтихан
Жалпы музыкалық қабілетін көрсету**

Жалпы балл	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету				
	Есту қабілеттері	Музыкалық жады	Ритм сезімі	Интонация және вокалдық деректер	Музыкалық ойлау
50	10	10	10	10	10